

Сулейменова Санен Наметовна – кандидат педагогических наук, старший преподаватель кафедры педагогики, Южно-Казахстанский педагогический университет имени Өзбекәлі Жәнібеков, Республика Казахстан, 160000, г. Шымкент, ул. А. Байтұрсынова 13, тел.: +77013379331, e-mail: sanens@mail.ru.

Makhmutova Kulsara Issakhanovna* – Candidate of Pedagogical Sciences, Ozbekali Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University, Republic of Kazakhstan, 160000, Shymkent, 13 A. Baitursynov Str., tel.: +77011410262, e-mail: gulsara_isahan@mail.ru.

Kuanyshbaeva Zaure Bekenovna – Candidate of Pedagogical Sciences, Ozbekali Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University, Republic of Kazakhstan, 160000, Shymkent, 13 A. Baitursynov Str., tel.: +77011372787, e-mail: Kzb-69@mail.ru.

Akhmetova Elmira Kaldybekovna – PhD, Ozbekali Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University, Republic of Kazakhstan, 160000, Shymkent, 13 A. Baitursynov Str., tel.: +77027529202, e-mail: Elmira_k_akhmetova@mail.ru.

Suleimenova Sanen Nametovna – Candidate of Pedagogical Sciences, Ozbekali Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University, Republic of Kazakhstan, 16000, Shymkent, 13 A. Baitursynov Str., tel.: +77013379331, e-mail: sanens@mail.ru.

XFTAP 14.07.07

ӨОЖ 378.14.015.62

<https://doi.org/10.52269/NTDG2542194>

«АРНАЙЫ ПЕДАГОГИКА» МАМАНДЫҒЫ СТУДЕНТТЕРІНІҢ БОЙЫНДА КӘСІБИ РЕФЛЕКСИЯ ДАҒДЫСЫН ДАМУ: ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ

Молдағалиева М.С.* – PhD докторант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы.

Жиенбаева Н.Б. – психология ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы.

Байдалиев К.А. – педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ., Қазақстан Республикасы.

Мақалада халықаралық тәжірибе негізінде «Арнайы педагогика» мамандығы студенттерінің кәсіби рефлексия дағдысын дамыту мәселесі кешенді түрде қарастырылады. Зерттеудің негізгі мақсаты – озық шетелдік тәжірибелерді талдай отырып, кәсіби рефлексияны болашақ арнайы педагогтарды тұлғалық және кәсіби жетілдірудің маңызды механизмі ретінде қарастыру және Қазақстанның білім беру жүйесіне бейімделген сараптамалық ұсыныстар беру. Осы мақсатты орындау үшін: DeBettencourt L.U., Nagro S.A., Georgiadi M., Papazafiri M., Heydari S., Beigzadeh A., Protassova E., Mikelson I., Latson L., Tigelaar D., Sins P., van Driel J. педагогикалық практикаларына салыстырмалы талдау жасалып, рефлексияны дамытуды қолдауға бағытталған тиімді әдістер, техникалар мен механизмдері айқындалды; сондай-ақ қазақстандық арнайы педагог мамандардың тәжірибе барысында кәсіби рефлексияның қолдану туралы әдістерімен маңыздылығы анықталды; зерттеу қазақстандық білім беру мекемелеріндегі (ЖОО, арнайы мектептер, инклюзиялық білім беру ұйымдарындағы) рефлексиялық мәдениеттің ағымдық жай-күйін айқындауға, сондай-ақ, қолданылатын әдістердің тиімділігімен қоса, шектеулерін де анықтауға мүмкіндік берген сапалық әдістерге негізделген. Соның нәтижесінде нақты құрылымды кері байланыс, менторлық және супервизорлық қолдау, рефлексиялық күнделік пен портфолио жүргізу және цифрлық платформаларды пайдалану рефлексияны дамытудың тиімді құралдары ретінде ұсынылды.

Мақалада, сондай-ақ, «Арнайы педагогика» мамандығы студенттеріне кәсіби рефлексияны меңгерудің өзектілігі мен практикалық маңыздылығы жете қарастырылады. Рефлексия болашақ маманның өз іс-қызметін талдап, кәсіби және тұлғалық дамуға ұмтылу қабілетін қажет етеді. Осы құзіретті меңгерген студент пән саласы бойынша кәсіби ғана емес, сонымен бірге, психологиялық, этикалық және коммуникациялық та тұрғыдан даярланған, ерекше қажеттіліктері бар балалар мен олардың отбасыларымен тиімді әрекеттесуге қабілетті маманға айналады. Зерттеу нәтижелері кәсіби рефлексияның болашақ студенттердің өзін-өзі тануына, кәсіби дағдыларын қалыптасуына және этикалық жауапкершілікті сезінуіне оң ықпал ететіндігін дәлелдейді. Аталған әсіресе ерекше білім беру саласында жұмыс істейтін мамандар үшін өте маңызды.

Түйінді сөздер: кәсіби рефлексия, арнайы педагогика, халықаралық тәжірибе, инклюзиялық білім беру, кәсіби даму, педагогикалық құзыреттік.

**РАЗВИТИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ РЕФЛЕКСИИ СТУДЕНТОВ
СПЕЦИАЛЬНОСТИ «СПЕЦИАЛЬНАЯ ПЕДАГОГИКА»: МЕЖДУНАРОДНЫЙ ОПЫТ**

Молдагалиева М.С. – PhD докторант, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Республика Казахстан.*

Жиенбаева Н.Б. – доктор психологических наук, профессор, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Республика Казахстан.

Байдалиев К.А. – кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор, Западно-Казахстанский аграрно-технический университет имени Жангир хана, г. Уральск, Республика Казахстан.

В статье комплексно рассматривается вопрос развития навыков профессиональной рефлексии у студентов специальности «Специальная педагогика» на основе международного опыта. Основная цель исследования – анализируя передовой зарубежный опыт, рассмотреть профессиональную рефлексия как важнейший механизм личностного и профессионального совершенствования будущих специалистов в области специальной педагогики, а также разработать экспертные рекомендации, адаптированные к системе образования Казахстана. Для достижения этой цели был проведен сравнительный анализ педагогических практик DeBettencourt L.U., Nagro S.A., Georgiadi M., Papazafiri M., Heydari S., Beigzadeh A., Protassova E., Mikelson I., Latsone L., Tigelaar D., Sins P., van Driel J., выявлены эффективные методы, техники и механизмы поддержки развития рефлексии, а также определена важность применения профессиональной рефлексии в практике казахстанских специалистов в области специальной педагогики. Исследование основано на качественных методах, позволивших определить текущее состояние рефлексивной культуры в казахстанских образовательных учреждениях (вузах, специальных школах, организациях инклюзивного образования), а также выявить ограничения используемых методов наряду с их эффективностью. В результате были предложены эффективные инструменты развития рефлексии: структурированная обратная связь, наставничество и супервизорская поддержка, ведение рефлексивных дневников и портфолио, использование цифровых платформ. В статье также подробно рассмотрена актуальность и практическая значимость формирования профессиональной рефлексии у студентов специальности «Специальная педагогика». Рефлексия требует умения анализировать деятельность и стремиться к росту. Владение этой компетенцией делает студента профессионально, психологически, этически и коммуникативно подготовленным специалистом, эффективно работающим с детьми с особыми образовательными потребностями и их семьями. Результаты исследования подтверждают, что профессиональная рефлексия оказывает положительное влияние на самопознание будущих специалистов, формирование их профессиональных навыков и развитие чувства этической ответственности. Указанные качества особенно важны для специалистов, работающих в сфере специального образования.

Ключевые слова: профессиональная рефлексия, специальная педагогика, международный опыт, инклюзивное образование, профессиональное развитие, педагогическая компетентность.

**DEVELOPMENT OF PROFESSIONAL REFLECTION IN STUDENTS MAJORING
IN SPECIAL PEDAGOGY: INTERNATIONAL EXPERIENCE**

Moldagaliyeva M.S. – PhD student, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Republic of Kazakhstan.*

Zhiyenbayeva N.B. – Doctor of Psychological Sciences, Professor, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Republic of Kazakhstan.

Baidaliyev K.A. – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Zhangir Khan West Kazakhstan Agrarian-Technical University, Uralsk, Republic of Kazakhstan.

The article examines the development of professional reflection skills among students majoring in special pedagogy through on international experience. The study aims to analyze advanced foreign practices and view professional reflection as a key mechanism for the personal and professional growth of future special education teachers, offering expert recommendations adapted to Kazakhstan's educational system. A comparative analysis of pedagogical practices by DeBettencourt L.U., Nagro S.A., Georgiadi M., Papazafiri M., Heydari S., Beigzadeh A., Protassova E., Mikelson I., Latsone L., Tigelaar D., Sins P., and van Driel J. identified effective methods and mechanisms supporting reflection development. The study also highlighted the importance of applying reflective practices among Kazakhstani special education professionals. The study is based on qualitative methods enabling to determine the current state of reflective culture in Kazakhstan's educational institutions (universities, special schools, and inclusive education organizations), as well as to identify the limitations of the methods used alongside their effectiveness. As a result, several effective tools for developing reflection were proposed, including structured feedback,

mentoring and supervisory support, the use of reflective journals and portfolios, and the integration of digital platforms.

The article also provides a detailed discussion of the relevance and practical significance of developing professional reflection among students majoring in special pedagogy. Reflection requires the ability to analyze one's activities and to strive for continuous growth. Mastery of this competence equips students to become professionally, psychologically, ethically, and communicatively prepared specialists capable of working effectively with children with special educational needs and their families.

The research findings confirm that professional reflection has a positive impact on future specialists' self-awareness, the formation of their professional skills, and the development of a sense of ethical responsibility. These qualities are particularly essential for professionals working in the field of special education.

Key words: professional reflection, special pedagogy, international experience, inclusive education, professional development, pedagogical competence.

Кіріспе. Арнайы педагог мамандардың кәсіби даярлығын жаңа сапалы деңгейге көтеру қазіргі білім беру жүйесіндегі басты міндеттерінің бірі болып табылады. Әсіресе арнайы білім беру ортасында жұмыс істейтін арнайы педагогтардың кәсіби құзіреттілігі мен бейімделу дағдыларына жоғары талаптар қойылады. Бұл өзгерістер мамандардың ішкі құндылықтарын, кәсіби этикасын ашуға бағытталған жаңа тәсілдерді қажет етеді. Арнайы педагогика саласындағы педагогтар кәсіби рефлексиясын дамыту қажет себебі бұл ерекше қажеттілігі бар балалармен тиімді жұмыс жүргізу үшін өте маңызды қажеттіліктердің бірі болып табылады. Сондықтан да арнайы мамандарды кәсіби даярлау барысында рефлексиясын дамыту біліктілігін арттырып, өзін-өзі жетілдіріп, әртүрлі жағдайларды саралап, дұрыс шешім қабылдауға және кәсіби дамудың жаңа бағыттарын айқындауға мүмкіндік береді [1, б.107]. Кәсіби рефлексияның теориялық негіздері білім беру психологиясы мен педагогикасы классиктерінің еңбектерінде қаланған. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, әр түрлі елдер кәсіби рефлексияны қалыптастыруға бағытталған алуан түрлі әдістер мен педагогикалық үлгілерді табысты қолдануда. Мысалы, DeBettencourt L.U., Nagro S.A., Georgiadi M., Papazafiri M., Heydari S., Beigzadeh A., Protassova E., Mikelsone I., Latsone L., Tigelaar D., Sins P., van Driel J. халықаралық елдерінің мақаларына сүйене отырып білім беру жүйелерінде рефлексиялық күнделік жүргізу, практикалық оқыту үдерісіндегі нақты құрылымды кері байланыс, менторлық қолдау және кәсіпаралық ынтымақтастық сияқты әдістер болашақ педагогтардың кәсіби жетілуіне игі ықпал етеді. Дьюи тәжірибенің өзі білімнің пайда болуына жеткіліксіз, тек рефлексия арқылы қалыптасатынын көрсеткен. Оқу үдерісі тәжірибе+рефлексия= шынайы білім формуласымен жүруі керек деп есептейді. Бұл қағида мамандарды даярлау үдерісінде, әсіресе тәжірибелік сабақтарда ерекше маңызға ие екендігін айтқан [2, б. 178].

Халықаралық тәжірибелер кәсіби рефлексияны жетілдіруге арналған тиімді әдістер мен құралдардың жиынтығын ұсынуға мүмкіндік берді. Бұл болашақ арнайы педагогика мамандығының студенттерінің кәсіби және тұлғалық дамуына ықпал етеді. Шон Д. А. рефлексияны тәжірибеге негізделген ойлау актісі ретінде сипаттап, оның педагогикалық шешімдер қабылдау үдерісіндегі елеулі ролін баса атап көрсеткен. Кейінірек Дональд А. Шон бұл ұғымды кәсіби практиканың ажырамас элементі ретінде дамытып, оның когнитивтік табиғатын негіздеді [3, б. 153].

ЖОО-ның арнайы педагогика кафедрасы, арнайы мектеп-интернат, инклюзиялық қосымша білім беру бөлімдеріндегі арнайы мамандардың кәсіби тәжірибесін зерттей келе, олардың кәсіби рефлексиясының қалыптасу ерекшеліктерін жан-жақты терең түсінуге мүмкіндік берді. Сондықтан бұл зерттеу нәтижелері болашақ арнайы мамандардың ерекше қажеттілігі бар балалармен оқу-тәрбие үдерісін тиімді жүргізуге, эмоционалдық тұрақтылық пен кәсіби құзыреттерін дамытуына, сонымен қатар жұмыс сапасын арттыруға ықпал етеді.

Кәсіби рефлексия – педагогтың өз іс-қызметін сыни тұрғыдан саралауы, тәжірибесін талдап, қорытуы және осының бәрі үздіксіз кәсіби дамуға бағытталады. Осындай рефлексиялық үдерістің арқасында болашақ арнайы маман өзінің педагогикалық шешімдерін негіздеп, кәсіби-этикалық ұстанымдарын қалыптастыруға қабілетті. Бұдан бөлек, рефлексия педагогтың кәсіби сәйкестігін, жауапкершілік деңгейін және өзін-өзі тануға қабілетін арттыратын маңызды тұлғалық механизм ретінде қарастырылады. Рефлексия өзін-өзі дамыту бұл адам өз қабілеттерін шындауға, тәрбиелеуге, үздіксіз қабілеттерін жетілдіру үдерісі [4, б. 71].

Осыған орай, зерттеу өзектілігі халықаралық тәжірибе негізінде Қазақстандағы «Арнайы педагогика» мамандығы студенттерінің бойында кәсіби рефлексия дағдысын дамыту жолдарын айқындап, жүйелеуден көрінеді. Осы зерттеу кәсіби рефлексияны арнайы педагогтың кәсіби тұлғасын қалыптастырудың маңызды факторы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Қазіргі педагогика ғылымында кәсіби рефлексия ұғымы мамандарды даярлау үдерісінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде кеңінен қарастырылады. Бұл ұғым педагогтың өз кәсіби іс-қызметін зерделеп, бағалап және талдай отырып, оны жетілдіру жолдарын іздестіру қабілетін көрсетеді. Ол тұлғаның ішкі құрылымына, оның құндылықты бағдарлары мен кәсіби-этикалық ұстанымдарына

тікелей ықпал етеді. Рефлексия негізінде өзін-өзі талдауға, өзін-өзі бағалауға, өзін-өзі жетілдіруге баулу, дамытудың басты мақсаты болып есептеледі [5, б. 101].

Кәсіби рефлексия – болашақ арнайы педагогтың тұлғалық дамуы, субъектаралық қарым-қатынасты белсендіру мен кәсіби сәйкестігін арттыруға септесетін күрделі когнитивтік-эмоциялық үдеріс. Ол кәсіби рефлексияның маңызды шарттары болып табылады [6, б. 48].

Зерттеу барысында халықаралық тәжірибелерді саралап, ЖОО-ның арнайы педагогика кафедрасы, арнайы мектеп-интернаты, инклюзиялық қосымша білім беру бөлімдеріндегі арнайы педагогтардың кәсіби рефлексиясының қалыптасу ерекшеліктері анықталып, оны дамытуға тигізетін әсерін салыстыра қарастыруға жол ашты. Зерттеу нәтижелері болашақ арнайы педагогика мамандарының кәсіби рефлексиясын жетілдіруге, оқу-тәрбие үдерісінде тиімділігін арттыруға және ерекше қажеттілігі бар балалармен нәтижелі жұмыстар атқаруға негіз бола алады.

Арнайы педагогтардың сапасын даярлау барысында кәсіби рефлексияны оқыту процесінде жүйелі түрде енгізу – олардың кәсіби дамуы мен тұлғалық қалыптасуының маңызды қадам болып саналады.

Осыған сәйкес **зерттеудің мақсаты** – халықаралық педагогикалық тәжірибе үлгілерін салыстыра отырып, арнайы педагогика студенттерінің кәсіби рефлексиясын дамытуға ықпал ететін тиімді педагогикалық технологиялар мен құралдарды анықтап, оларды отандық білім беру жүйесіне бейімдеу.

Зерттеу міндеттері:

1. Рефлексияның маңызын ғылыми негізде дәлелдеу;
2. Халықаралық тәжірибелерді салыстырмалы талдау;
3. Қазақстандағы қолданыстағы рефлексиялық тәжірибені зерттеу;
4. Рефлексияны дамытуға әдістемелік ұсыныстар дайындау.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Халықаралық ғылыми зерттеулерде кәсіби рефлексияны дамытудың тиімді әдістері мен үлгілері әр түрлі елдердің білім беру жүйелері негізінде жете талданады. Мысалы Laurie U. DeBettencourt, Susan A. Nagro пікірлерінше студенттердің рефлексиялық күнделіктеріне контент-талдау жасай отырып, рефлексиялық үдерісті үздіксіз дамыту үшін әдістемелік қолдаудың мәні зор екенін көрсетті. Педагогикалық интервенциялардың (түзету, ықпал ету мақсатында араласу, килігушіліктердің) болмауы рефлексия деңгейінің артуына теріс әсерін тигізетіні дәлелденді. Сондықтан тәжірибе барысында мақсатты түрде арнайы оқыту мен қолдау қажет [7, б. 281]. Сонымен бірге Georgiadi, M., Papazafiri, M. зерттеушілері болашақ педагогтардың кәсіби білім-білігі мен сана-сезімін қалыптастыруда кәсіпаралық оқыту аясындағы рефлексияның тиімділігін танытты. Зерттеуде бейнежазба, күнделік, микросабак, өзара бағалау әдістері арқылы рефлексияның тиімділігін дәлелдеді. Бұл нәтижесінде педагогтардың өз тәжірибесін терең талдап, кәсіби жауапкершіліктерінің артқандығы байқалды [8, б. 5]. Сондай-ақ Sara Heydari, Amin Beigzadeh зерттеушілер студенттердің рефлексияға қатынасы және оның кәсіби мотивация мен этикалық ұстанымдарға ықпалы қарастырылды. Зерттеу нәтижелері терең сұхбаттар, сапалы контент-талдау, воркшоптар арқылы көзқарастарын анықтап, кәсіби дамуына оң ықпал еткенін және шешуші рөл атқаратынын көрсетті [9, б. 11]. Сонымен қатар Protassova, E., Mikelson, I., Latsone, L зерттеушілері рефлексия педагогикалық іс-қызметтің орталық элементі ретінде қарастырылады. Бұл ретте, мұғалімдердің ішкі рефлексиялық үдерістері кәсіби сәйкестікті, құндылықтар жүйесі мен өзін-өзі тану дағдыларын маңызды рөл атқаратыны мәлім болған. Зерттеуде эссе жазу, бейне-талдау, тәжірибелік тапсырмалар, фокус-топтық сұхбаттар, әдебиеттер, фильмдер, мақалаларды талқылау, өзін-өзі бағалау әдістері арқылы рефлексия маманның кәсіби өзіндік санасы мен жауапкершілік деңгейі өскенін көрсетеді [10, б. 75]. Сонымен бірге Tigelaar, D., Sins, P., Van Driel, J. зерттеушілері рефлексияны дамыту үшін мамандардың білім элементтері арасындағы байланысты түсінуге көмектесіп, рефлексиясын жетілдіруге маңызды рөл атқарып, қойылған мақсаттарына толық жетті. Зерттеу барысында бейне сұхбаттар, сұхбаттар (semi-structured interview), контент-талдау, уақыт реттілік саралау әдістері пайдаланылып, білім элементтері арасында байланыстары анықталып, нәтижелердің тиімділігі дәлелденген [11, б. 364]. Халықаралық тәжірибелер кәсіби рефлексияның оқыту процесінде әртүрлі әдістер мен тәсілдердің тиімділігін көрсетіп кәсіби құндылықтарының артқандығы дәлелденген.

Жоғарыда аталған зерттеулерде кәсіби рефлексияны дамытудың жалпы әдістемелік бағыты айқындалған, ол тәсілдерге мыналар жатады: рефлексиялық күнделік жүргізу; нақты құрылымды кері байланыстесілін пайдалана отырып, практикалық оқыту; кәсіпаралық оқыту және ынтымақтастық; менторлық және супервизорлық қолдау жүйелері. Бұл әдістер кәсіби дағдылардың дамуына септесіп қана қоймай, сонымен бірге, болашақ педагогтардың этикалық және тұлғалық дамуына да едәуір ықпал етеді.

Қазіргі уақытта Қазақстанда «Арнайы педагогика» мамандығы студенттерін даярлау үдерісінде кәсіби рефлексияны дамытудың халықаралық тәжірибесі белсенді түрде енгізілуде. Аталған тақырыптағы зерттеулер студенттердің өзіндік дүниетанымын қалыптастыруға, жауапкершілік сезімін арттырып, арнайы ортаға бейімделуіне бағытталған. Бұл ретте, кәсіби рефлексияны танымдық құрал

ретінде ғана емес, сондай-ақ, болашақ мамандардың тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін біртұтас мәдениет ретінде де қарастырған жөн.

Осы зерттеу арқылы «Арнайы педагогика» мамандығы бойынша болашақ мамандарды кәсіби даярлауда рефлексияны қалыптастыру және дамыту бойынша халықаралық тәжірибені ғылыми зерделеу мақсат етіледі. Осыған орай, педагогикалық құбылыстардың мәнін ашуға, олардың контекстуалды ерекшеліктерін сипаттап, тиімді рефлексиялық практикаларды айқындауға мүмкіндік беретін сапалық зерттеу әдістеріне айрықша назар аударылды.

Зерттеу әдістемесі аясында мынандай сапалық әдістер пайдаланылды: салыстырмалы талдау – әр түрлі елдердің ортақ және өзгеше сипаттамаларын айқындау үшін; контент-талдау (мазмұндық талдау) – ғылыми дереккөздер мен эмпирикалық материалды құрылымдық тұрғыдан зерделеу үшін; интерпретациялық әдіс (мағынаны түсіндіру әдісі) – алынған деректерді терең түсіну және олардың педагогикалық мән-мағынасын ұғыну үшін қолданылды.

Зерттеудің эмпирикалық негізі ретінде халықаралық елдерінде жүргізілген ғылыми жұмыстар мен эмпирикалық зерттеулер басшылыққа алынды. Бұл елдер арнайы педагогика, жалпы және медициналық білім саласындағы кәсіби рефлексияны дамытуға нақты әдіс-тәсілдерді қолданатындығымен ерекшеленеді. Деректерді жинау және талдау кезеңдеріне мыналар кірді:

1. Ғылыми әдебиетті іріктеу: халықаралық ғылыми қорлар мен шолулар негізінде кәсіби рефлексияны дамыту әдістері мен құралдарын, сондай-ақ, олардың қолданылу нәтижелерін егжей-тегжейлі сипаттайтын сапалық зерттеулер іріктеліп алынды.

2. Мазмұндық талдау: іріктелген материалдар жүйелендіріліп, рефлексияны дамыту әдістері, қолдау механизмдері мен олардың тиімділігі бойынша мазмұндық құрылым қалыптастырылды.

3. Қазақстандық білім беру кеңістігіндегі сапалық зерттеулер: қазақстандық мамандардың кәсіби рефлексия тәжірибесін зерделеу үшін үш типті мекеме таңдап алынды:

- Жоғары оқу орнындағы арнайы педагогика кафедрасы;
- Арнайы мектеп-интернаты;
- Инклюзиялық қосымша білім беру бөлімі.

Осы мекемелердің педагогтарымен сұхбаттар мен сауалнама жүргізіліп, солардың негізінде сапалық талдау жүзеге асырылды.

4. Факторлық құрылымдарды ерекшелеу: қазақстандық білім беру жүйесіндегі кәсіби рефлексияны дамытуға септесетін негізгі факторлар ретінде мыналар айқындалды:

- практикалық оқыту кезеңдеріндегі нақты құрылымды рефлексия;
- студенттер мен педагогтар арасындағы менторлық қатынастар;
- рефлексиялық күнделік жүргізу, көрнекі құралдар мен портфолио әдісін пайдалану;
- кәсіби қауымдастықтар мен педагогикалық клубтар құру арқылы тәжірибе алмасу.

Осы әдіс-тәсілдер алынған деректердің педагогикалық және мәдени маңызын терең саралап, олардың «Арнайы педагогика» мамандығы бойынша болашақ мамандарды кәсіби даярлауда тиімді қолданылатынын негіздеуге мүмкіндік берді.

Нәтижелер мен талқылау. Зерттеуіміздің нәтижелері кәсіби рефлексияны дамыту «Арнайы педагогика» мамандығы студенттерінің кәсіби және тұлғалық жетілуінің ажырамас бөлшегі болып табылатынын көрсетті. Сапалық талдау нәтижесінде алынған деректер үш түрлі білім беру ұйымдарындағы (жоғарғы оқу орны, арнайы мектеп-интернат, инклюзиялық қосымша білім беру бөліміндегі) рефлексиялық тәжірибені қамтып, бұл олардың арасындағы өзгешеліктерді де, сол сияқты, ортақ сипаттарды да айқындауға мүмкіндік берді. 1-суретте ЖОО-ның арнайы педагогтардың кәсіби рефлексиясының сапалық талдау нәтижесі көрсетілген.



1-сурет – ЖОО-ның арнайы педагогтардың кәсіби рефлексиясының сапалық талдау нәтижесі

Сауалнама нәтижелері кәсіби рефлексияны білім беру жүйесіне енгізуге әзірлік барын көрсетті, алайда, сонымен қатар оны практика жүзінде тиімді іске асыруға әдістемелік, құрылымдық және бағалау тұрғысындағы қолдаудың жеткіліксіздігін де анықтады. Кәсіби рефлексияның күшті жақтары ретінде педагогтар тарапынан оның маңыздылығы бірауыздан мойындалғаны мен олардың инновациялық әдістерге ашықтығы; әлсіз жағы ретінде рефлексияның жүйеленбегендігі мен нақты құралдардың жоқтығы аталды.

Бұл мәселені шешу үшін ЖОО-нда рефлексияға оқыту бойынша арнайы курстар ашу, оқытушыларға арналған практикалық тренингтер өткізу, цифрлық рефлексия платформаларын енгізу, рефлексиялық іс-қызмет нәтижелерін бағалау критерийлерін әзірлеу қажет.

Жоғарыда айтылған ұсыныстар кәсіби рефлексияны қосымша оқыту элементі ғана емес, сондай-ақ, тұлға дамуы мен кәсіби жетілудің негізі ретінде де қарастыруға мүмкіндік береді. Жүйелі түрде іске асырылған бұл тәсіл білім беру сапасын арттыруға, болашақ «Арнайы педагогика» мамандардың кәсіби мәдениетін нығайтып, олардың арнайы ортаға табысты бейімделуіне септігін тигізеді. 2-суретте арнайы мектеп-интернат педагогтарының кәсіби рефлексиясының сапалық талдау нәтижесі көрсетілген.



2-сурет – Арнайы мектеп-интернат педагогтарының кәсіби рефлексиясының сапалық талдау нәтижесі

Арнайы мектеп-интернаттағы рефлексия білім беру үдерісін жетілдірудің маңызды құралына айналды. Ол педагогтарға оқушыны неғұрлым терең түсініп, оның жеке-дара ерекшеліктерін ескеруге мүмкіндік береді және мұғалімнің кәсіби дамуына септеседі.

Күшті жақтары: оқушыны түсінуге ұмтылу – мұғалімдер оқушылардың психологиялық жай-күйін ескеріп, оларға жеке-дара қолдау көрсетеді; көрнекілеу әдістері мен портфолио – оқушының жетістіктерін жария етіп, көпшілікке таныту құралы ретінде оның мотивациясын күшейтеді; ынталандыру тәсілдері – оқушыны көтермелеу және кері байланыс оның белсенділігін арттырады.

Әлсіз жақтары: жүйеліліктің жоқтығы – рефлексия ұдайы жүргізілмейді; құралдардың жеткіліксіздігі – рефлексия жүргізуге арналған үлгілер мен нақты әдістемелер жоқ; мұғалімдер даярлығының төмендігі – теориялық білім мен практикалық тәжірибенің жеткіліксіздігі. Рефлексия сапалы арнайы білім берудің басты тетігі болып табылады. Оның тиімділігі үшін нақты құрылымды әдістеме, жүргізу ұдайылығы және педагогтарды жүйелі қолдау қажет. 3-сурет инклюзиялық қосымша білім беру бөлімінің педагогтарының кәсіби рефлексиясының сапалық талдау нәтижесі көрсетілген.



3-сурет – Инклюзиялық қосымша білім беру бөлімінің педагогтарының кәсіби рефлексиясының сапалық талдау нәтижесі

Ең әуелі, осы бөлім мамандарының кәсіби іс-қызметінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылармен жұмыс істеуде рефлексия маңызды роль атқаратыны атап өтілді.

Инклюзиялық қосымша білім беру жүйесінде рефлексия оқыту сапасын көтеріп, оқушылардың жеке-дара ерекшеліктерін ескерудің маңызды құралы ретінде қызмет етеді.

Күшті жақтары: оқушылардың назарын басқару және бейімделу – педагогтар оқушылардың деңгейіне сәйкес әдістерді тиімді қолданып, оқу мотивациясын көтеруге септеседі; икемділік және креативтілік – дәрістер құрылымы оқушылардың қажеттіліктеріне қарай бейімделіп, тиімді білім беру ортасын қалыптастырады.

Әлсіз жақтары: біркелкі құралдардың жоқтығы – рефлексияны жүйелі бағалауға арналған бірыңғай әдістемелер жетіспейді; цифрлық шешімдердің жеткіліксіздігі – технологиялық қолдаудың жоқтығы деректерді жинап, талдауды қиындатады; педагогтар оқушыға бағдарланған тәсілдерді табысты қолданады, алайда, рефлексияны жүйелі жүргізуге бірыңғай әдістемелер мен цифрлық құралдар қажет.

Сапалық зерттеу негізінде жасалған жалпы тұжырымдар: арнайы педагогтар кәсіби рефлексияның маңызын түйсінеді және оны практикада қолдануға дайын; рефлексияны тиімді іске асыру үшін институционалдық қолдау, әдістемелік қолдау және мотивация жүйесі қажет; бірнеше нұсқалы (вариантты) рефлексиялық тапсырмалар студенттер мен оқушылардың белсенді қатысуына септігін тигізеді; практикалық шешімдер көмегімен педагогтар өздерінің кәсіби іс-қызметіндегі қиындықтарды жеңуге қабілетті; рефлексия мәдениетін қалыптастыруға айқын бағдарлар, тренингтер және кәсіби қауымдастықтар қажет.

Халықаралық тәжірибемен салыстырмалы талдау: зерттеу барысында отандық нәтижелер шетелдік үлгілермен үндесіп, сәйкесетіндігі анықталды. Мысалы: Tigelaar, D., Sins, P., Van Driel, J. Зерттеушілерімен Georgiadi, M., Parazafiri, M. тәжірибелерінде оқытушының бағыттаушы ролі рефлексияның тиімділігін арттыратын фактор ретінде баса атап көрсетіледі – бұл қағида Қазақстан үшін де өзекті; Sara Heydari, Amin Beigzadeh мен Laurie U. DeBettencourt, Susan A. Nagro пікірлерінде студенттердің рефлексия дағдысын дамытуға институционалдық кедергілер ықпал етеді, осыған үйлес қиындықтар (оқу жүктемесі, нақты құрылымды бағдарлардың жоқтығы мен қолдау механизмдерінің жеткіліксіздігі) отандық жүйеде де байқалады; Protassova, E., Mikelsone, I., Latson, L. рефлексияның құндылықты және тұлғалық аспектілеріне ерекше назар аударылады, бұл да Қазақстан үшін әсіресе өзекті. Тұтастай алғанда, зерттеу нәтижелері кәсіби рефлексияны қалыптастыру үдерісінде менторлық және супервизорлық қолдаудың, практикаға негізделген нақты құрылымды кері байланыстың, технологиялық шешімдердің, сондай-ақ, институционалдық және әдістемелік қолдаудың аса маңыздылығын көрсетті.

Қорытынды. Зерттеу барысында кәсіби рефлексияны болашақ арнайы педагогтардың кәсіби дамуы мен тұлғалық жетілуінің басты механизмі ретінде қарастыру қажеттігі бары айқындалды. Заманауи білім беру жүйесі жаңа педагогикалық әдіс-тәсілдерді талап ететін жаһандық өзгерістер кезеңін бастан кешіруде. Бұл жағдайда арнайы ортада жұмыс істейтін педагогтар үшін кәсіби рефлексияны терең меңгеріп, оны практикаға енгізу әсіресе өзекті бола түседі. Халықаралық тәжірибені салыстырмалы талдау нақты құрылымға бағындырылған әдістер мен педагогикалық қолдау жүйесі кәсіби рефлексияны дамытуда шешуші роль атқаратынын көрсетіп берді. Халықаралық елдердің тәжірибесі кәсіби рефлексия кәсіби құзіреттілікті арттыру құралы ғана емес, сондай-ақ, болашақ педагогтардың тұлғалық жетілуінде, олардың этикалық көзқарастары мен жауапкершілік сезімінің қалыптасуында маңызды рөл атқаратын фактор екенін дәлелдейді.

Қазақстандық білім беру кеңістігінде жүргізілген сапалық зерттеу нәтижелері рефлексияның әр түрлі деңгейде қолданылатынын, алайда, оны жүйелі дамыту үшін институционалдық, әдістемелік және технологиялық қолдау қажет екенін, ондай қолдауды әлі де жетілдіре түсу керектігін көрсетті. Оқыту үдерісі кезінде рефлексиялық күнделік жүргізу, сұхбаттар өткізу, эссе жазу, портфолио құрау сондай-ақ, кәсіби жетілудің маңызды сатысы ретіндегі рефлексияға арналған цифрлық құралдарды енгізу кезеңде студенттер мен жас педагогтарға менторлық және супервизорлық қолдау көрсету қажеттігі ерекшеқұнды ретінде танылды.

Арнайы педагогтарды даярлау үдерісінде кәсіби рефлексия болашақ мамандардың өзін-өзі тану, кәсіби жауапкершілік және арнайы білім беру талаптарына бейімделу қабілеттерін дамытуға бағытталған тиімді құрал болып табылады. Егер кәсіби рефлексияны оқыту үдерісінде тиімді пайдаланып, үздіксіз жетілдіріп отырса, болашақта заманауи талаптарға сай білікті маман болып қалыптасады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1 **Оспанбекова М.Н. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық іс-әрекетте оқушылардың рефлексиясын дамытуға дайындау мүмкіндіктері** [Мәтін] / М.Н. Оспанбекова // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Гуманитарлық ғылымдар сериясы. – 2016. – №3 (112), II бөлім. – 251-255 бб.

2 **Dewey J. How We Think** [Text] / J. Dewey. – Boston; New York; Chicago: D.C. Heath & Co., 1910. – 224 p.

3 **Schön D.A. The Reflective Practitioner. How Professionals Think in Action** [Text] / D.A.Schön. – London, Routledge. – 1992. – 384 p. DOI: <https://doi.org/10.4324/9781315237473>.

4 Трифонова Т.А. Теория и практика создания и использования установки как инструмента управления процессом развития речевого умения: на материале английского языка [Текст]: автореф. дис. ... канд. пед. наук / Т.А. Трифонова. – Липецк, 2008. – 22 с.

5 Баярыстанова Э.Т., Есенова К.А., Башчикулова Ж.А. Педагог мамандардың бәсекеге қабілеттілігінің мазмұны мен құрылымы [Мәтін] / Э.Т. Баярыстанова, К.А. Есенова, Ж.А. Башчикулова // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. – 2022. – № 1(138). – 6. 212.

6 Қазиев К.О. Болашақ педагог-психологтардың рефлексиясын дамытудың педагогикалық шарттары [Мәтін] / К.О. Қазиев // Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Хабаршысы. – 2021. – № 2 (61). – 6. 45-52.

7 DeBettencourt L.U., Nagro S.A. Tracking special education teacher candidates' reflective practices over time [Text] / L.U. DeBettencourt, S.A. Nagro // Remedial and Special Education. – 2019. – Vol. 40. – No 5. – pp. 277-288. DOI: <https://doi.org/10.1177/0741932518762573>.

8 Georgiadi M., Papazafiri M. Preparing future special education teachers: Emphasis on reflection as an inclusive practice [Text] / M. Georgiadi, M. Papazafiri // Trends in Higher Education. – 2025. – Vol. 4. – No 1. – Article 8. – pp. 1-13. DOI: <https://doi.org/10.3390/higheredu4010008>.

9 Heydari S., Beigzadeh A. Medical students' perspectives of reflection for their professional development [Text] / S. Heydari, A. Beigzadeh // BMC Medical Education. – 2024. – Vol. 24. – Article 1399. – pp. 1-13. DOI: <https://doi.org/10.1186/s12909-024-06401-2>.

10 Protassova E., Mikelson I., Latsone L. Teacher's identity development through reflection [Text] / E. Protassova, I. Mikelson, L. Latsone // European Proceedings of Social and Behavioural Sciences (EpSBS). – 2021. – Vol. 114. – pp. 67-77. DOI: <https://doi.org/10.15405/epsbs.2021.07.02.9>.

11 Tigelaar D., Sins P., van Driel J. Fostering students' reflection: Examining relations between elements of teachers' knowledge [Text] / D. Tigelaar, P. Sins, J. van Driel // Research Papers in Education. – 2017. – Vol. 32. – No 3. – pp. 353-375. DOI: <https://doi.org/10.1080/02671522.2016.1225790>.

REFERENCES:

1 Ospanbekova M.N. Bolashak bastauysh synyp mugalimderin innovaciyalık is-arekette okushylardyn refleksiya syn damytuga dajyndau mumkindikteri [Opportunities for preparing future primary school teachers to develop students' reflection in innovative activities]. *L.N. Gumilyov atyndagy Euraziya ulttyk universitetinin Habarshysy. Gumanitarlyk gylymdar seriyasy*, 2016, no.3 (112), part II, pp. 251-255. (In Kazakh)

2 Dewey J. *How We Think*. Boston, New York, Chicago, D.C. Heath & Co., 1910, 224 p.

3 Schön D.A. *The Reflective Practitioner. How Professionals Think in Action*. London, Routledge, 1992, 384 p. <https://doi.org/10.4324/9781315237473>.

4 Trifonova T.A. *Teoriya i praktika sozdaniya i ispol'zovaniya ustanovki kak instrumenta upravleniya processom razvitiya rechevogo umeniya: na materiale anglijskogo yazyka* [Theory and practice of creating and using mental sets as a tool for managing the development of speech skills: based on english language material]. Abstract of PhD thesis, Lipetsk, 2008, 22 p. (In Russian)

5 Bayarystanova E.T., Esenova K.A., Bashchikulova Zh.A. *Pedagog mamandardyn basekege kabilettiliginin mazmyny men kyrylymy* [Content and structure of pedagogical professionals' competitiveness]. *L.N. Gumilyov atyndagy Euraziya ulttyk universitetinin Habarshysy*, 2022, no. 1(138), 212 p. (In Kazakh)

6 Kaziev K.O. *Bolashak pedagog-psihologtardyn refleksiya syn damytudyn pedagogikalık sharttary* [Pedagogical conditions for developing reflection in future educational psychologists]. *H. Dosmuhamedov atyndagy Atyrau universitetinin Habarshysy*, 2021, no. 2 (61), pp. 45-52. (In Kazakh)

7 DeBettencourt L.U., Nagro S.A. Tracking special education teacher candidates' reflective practices over time. *Remedial and Special Education*, 2019, vol. 40, no. 5, pp. 277-288. <https://doi.org/10.1177/0741932518762573>.

8 Georgiadi M., Papazafiri M. Preparing future special education teachers: Emphasis on reflection as an inclusive practice. *Trends in Higher Education*, 2025, vol. 4, no. 1, art. 8, pp. 1-13. <https://doi.org/10.3390/higheredu4010008>.

9 Heydari S., Beigzadeh A. Medical students' perspectives of reflection for their professional development. *BMC Medical Education*, 2024, vol. 24, art. 1399, pp. 1-13. <https://doi.org/10.1186/s12909-024-06401-2>

10 Protassova E., Mikelson I., Latsone L. Teacher's identity development through reflection. *European Proceedings of Social and Behavioural Sciences (EpSBS)*, 2021, vol. 114, pp. 67-77. <https://doi.org/10.15405/epsbs.2021.07.02.9>.

11 Tigelaar D., Sins P., van Driel J. Fostering students' reflection: Examining relations between elements of teachers' knowledge. *Research Papers in Education*, 2017, vol. 32, no. 3, pp. 353-375. <https://doi.org/10.1080/02671522.2016.1225790>.

Авторлар туралы мәліметтер:

Молдағалиева Мулдір Самиголлиевна* – PhD докторант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан Республикасы, 050000 Алматы қ., Төле би көш., 31, тел.: 87771951497, e-mail: muldir_84kz@mail.ru.

Жиенбаева Надежда Бисеновна – психология ғылымдарының докторы, профессор, Арнайы педагогика кафедрасы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан Республикасы, 050000 Алматы қ., Төле би көш., 31, тел.: 87778360055, e-mail: zh_nadejda@mail.ru.

Байдалиев Куатбек Абуталипович – педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, 090000 Орал қ., Қазақстан Республикасы, Жәңгір хан көш. 51, тел.: 87778725267, e-mail: baj-kuatbek@mail.ru.

Молдағалиева Мулдір Самиголлиевна* – PhD докторант, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Республика Казахстан, 050000 г. Алматы, ул. Төле би 31, тел.: 87771951497, e-mail: muldir_84kz@mail.ru.

Жиенбаева Надежда Бисеновна – доктор психологических наук, профессор, кафедра специальной педагогики, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Республика Казахстан, 050000 г. Алматы, ул. Төле би 31, тел.: 87778360055, e-mail: zh_nadejda@mail.ru.

Байдалиев Куатбек Абуталипович – кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор, Западно-Казахстанский аграрно-технический университет имени Жангир хана, 090000 г. Уральск, Республика Казахстан, ул. Жангир хана 51, тел.: 87778725267, e-mail: baj-kuatbek@mail.ru.

Moldagaliyeva Muldir Samigolliyevna* – PhD student, Abai Kazakh National Pedagogical University, Republic of Kazakhstan, 050000, Almaty, 31 Tole bi Str., tel.: 87771951497, e-mail: muldir_84kz@mail.ru.

Zhiyenbayeva Nadezhda Bissenovna – Doctor of Psychological Sciences, Professor of the Department of special pedagogy, Abai Kazakh National Pedagogical University, Republic of Kazakhstan, 050000, Almaty, 31 Tole bi Str., tel.: 87778360055, e-mail: zh_nadejda@mail.ru.

Baidaliyev Kuatbek Abutalipovich – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Zhangir Khan West Kazakhstan Agrarian-Technical University, Republic of Kazakhstan, 090000, Uralsk, 51 Zhangir Khan Str. 51, tel.: 87778725267, e-mail: baj-kuatbek@mail.ru.

XFTAP 14.29.05

ӨОЖ 376.112.4

<https://doi.org/10.52269/NTDG2542202>

БОЛАШАҚ АРНАЙЫ ПЕДАГОГТЕРДІ КҮРДЕЛІ БҰЗЫЛЫСЫ БАР БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУГЕ ДАЯРЛАУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Мукажанова Э.Т.* – PhD докторанты, Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы.

Абаева Г.А. – педагогика ғылымының кандидаты, профессор, Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы.

Елімізде арнайы мектепке дейінгі және арнайы мектеп ұйымдарының, психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестер, психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері, оңалту орталықтары, аутизм орталықтары белсенді ашылып жатыр. Демек, жоғары оқу орындарында арнайы педагогтерді даярлау бойынша (бакалавр, магистратура, докторантура) мемлекеттік гранттардың жылдан жылға көбейіп жатқаның байқауға болады. Зерттеу мақсаты – болашақ арнайы педагогтердің күрделі бұзылысы бар балалармен жұмыс істеуге көзқарасын айқындау. Зерттеу міндеті – болашақ арнайы педагогтерді күрделі бұзылысы бар балалармен жұмыс істеуге даярлаудың шетелдік зерттеу жұмыстарын талдау, болашақ арнайы педагогтердің күрделі бұзылысы бар балалармен жұмыс істеуге көзқарасы мен даярлығын айқындау. Ғылыми зерттеу мақаланың теориялық бөлімінде шетелдік және отандық ғылыми зерттеу жұмыстарындағы «даярлау» және «кәсіби даярлау» ұғымдарының мәні талданып, нәтижесінде салыстырмалы кесте құрылды. Арнайы білім беру ұйымдарының дамуына талдау жасалынып, сандық көрсеткіштері ұсынылды. Және де соңғы үш жылдағы жоғары оқу орындарында арнайы педагогтерді даярлаудағы мемлекеттік грант көрсеткіштері зерделеніп, статистикалық талдау жасалынды. Талдау нәтижесінде қазіргі таңда арнайы педагогика мамандығы бойынша мамандарды даярлау сұранысқа ие мамандықтардың бірі екендігін көрсетеді. Ғылыми мақаланың эмпирикалық зерттеу бөлімінде болашақ арнайы педагогтердің күрделі бұзылысы бар балалармен жұмыс істеудегі теориялық